

ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Ш. ЕРХОЖИНА *

Түйіндеме: Мақалада оқытудағы оқу-танымдық іс-әрекеттерді басқару мәселесі сөз болады. Танымдық іс-әрекеттен бастап, оқу-танымдық іс-әрекеттердің мәнін, маңызын түсіндіре келе, оны басқарудың жолдары қарастырылды. Қазіргі білімнің репродуктивті әрекетке құрылмай продуктивті түрде берілуі қажеттігі бүгінгі жаңартылған білім мазмұнымен байланыстырылды. Ол үшін әуелі оқушының танымдық белсенділігін туғызу мәселесі қозғалады. Бұл бірінші кезекте ойлау белсенділігімен байланысты, сыртқы әрекет мұнда ішкі белсенділіктің қалыптасуы оның дамуы үшін маңызды қызмет атқарады. Мұндағы мәселе мұғалімнің әсері, оның бағыты маңызды рөл атқаратындығы дәлелдер негізінде қарастырылды. Оқушының ойын синтездеуіне, индукция, дедукция жасауына байланысты дамытылуының маңызы көрсетілді. Нәтижесі оқушылардың өздерінің басшылығымен орындалған іс-әрекеттің олардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасайтынымен қорытындыланады.

Тірек сөздер: *тұлғаға бағдарлау, репродуктивті, продуктивті, таным, оқу-танымдық іс-әрекет.*

Person-oriented learning and Cognitive Processes

Abstract: The article discussed educational- cognitive activities in teaching. Since cognitive activity is due to the effect of educational and cognitive activities and ways to manager. The need for modern knowledge been linked to reproductive , productive content of modern education. First of all, it is about creating internal student's activity and further development. This is the first step in development of good governance in the world. The issue was discussed on the basis of the evidence , that the influence of a teacher and his direction of the play an important role. Demonstrates the importance of developing the idea of synthesis, induction and deduction to students. As a result of the actions of the students under their supervision, allow them to develop their cognitive abilities.

Key Words: *person orientation, reproductive, productive, cognitive, educational-cognitive activities.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы мектеп құрылымы мен бағдарламалық мазмұндағы өзгерістер жаңаша оқытуды мақсат етеді. Жаңартылған білім мазмұны оқушының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталады.

Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу болғандықтан, ол оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады. Оқу – баланың өзінің танымдық белсенді әрекеті. Мұғалімнің оқу құралдарын, оқу мақсаттарын ұтымды қолданып, оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруы оқу жұмысының сапасын мейлінше арттырғаны. Қазіргі білім берудің де талабы білімгердің қажеттілігіне жаратар білімді игеруі болып отыр. Бұл оқытудағы «өмірмен байланыстылық» ұстанымымен тікелей байланысты болып келеді. Бұл ұстанымның маңыздылығы ғалымдардың 50-90 жылдар аралығындағы әдістемелік зерттеу еңбектерінде көптеп айтылған болатын. Яғни, алған теориялық білімді практикамен ұштастыра оқыту қағидаты. Қазіргі таңда мұның маңыздылығы арта түсіп, заман ағымына сай білім алудың басты нысанына айналып, оған басымдық берілуде.

Оқушының оқудағы білуі, түсінуі, оны қолдана білуі, материалды талдауы мен ойды жинақтай білуі, бағалауы – олардың танымдық белсенділігін арттырудағы іс-әрекеттер. Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруда оқытудың әдістері мен құралдарын іздестіру проблемасы ертеден басталады. Мәселен, жастарды тәрбиелеуде ежелгі грек философы Сократ эвристикалық әңгімені пайдаланған. Әйгілі философ оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Баланың әрбір еңбегі құр босқа жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек. Демек, қазіргі білім репродуктивті әрекетке құрылмай продуктивті болуы қажет деген талаптың әр кезеңнің өз деңгейінде көтерілген мәселесі екенін байқауға болады.

* Педагогика ғылымдарының кандидаты, SDU University, *ergozhina@inbox.ru

Кеңес әдіскерлері мен психологтары: Л.С.Выготский, Б.Г.Есипов, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Р.Г.Лемберг, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин және т.б. дамыта оқыту мен оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің теориясы мен тәжірибесіне зор үлестерін қосты. Оқушылардың «оқу-танымдық белсенділігі» мәселесі терең педагогикалық зерттеулер пәні болып табылып, «оқу-танымдық іс-әрекет» мәселесі көптеген педагогтардың назарынан тыс қалмағанымен, дербес ізденіс мәселесі болып қарастырылмаған. Дегенмен, бірқатар педагог-зерттеушілер оқушылардың қызығушылығының қайнар көзі олардың танымдық мәселелердің мазмұнын анықтауға бар зейіні және ынтасымен толық түрде назар аударуында екендігін анықтаған (С.Л. Рубинштейн, Н.А. Менчинская, И.Я. Лернер).

Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ерекшелігі – оқушының үнемі «тың дүниеге енуімен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отыруымен байланысты. Сондықтан, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл-ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады. Саналылықпен білім алудың өзі оқушының таным тұрғысынан біліктілік құзіреттілігін айқындай түседі. Қазіргі қолданыстағы Блум таксономиясының қадамдары арқылы оқыту – оқу-танымдық іс-әрекеттерді дұрыс басқарудың жақсы құралдарының бірі.

Отандық педагог-авторлардың ішінде К.Ж. Каракулов таным теориясына тоқталып, оның оқыту үрдісінің методологиялық негізі екендігін дәлелдеп, танымның педагогикалық үрдісінің сатыларына сипаттама беріп шыққан.

Т.С.Сабыровтың пікірінше, танымдық іс-әрекеттің ерекшелігінің біріне оның оқу құрылымы жатады. Оның құрылымына да кез келген іс-әрекеттің құрылымына жататынын компоненттер енеді. Алайда бұл іс-әрекеттің мақсаттылық және бағдарламалық сипаты міндетті түрде біліммен, білікпен, дағдылармен қамтамасыз ететін жүйелікті, бірізділікті талап етеді, әдіс-тәсілдермен, оның ұйымдастырылуымен шектеледі. Осы мағынада алынғанда танымдық іс-әрекеттің әрбір құрылымдық компоненті бүкіл оқыту процесінің құрылымына тәуелді болып шығады, осылармен шектеледі [1.105].

Қазақ тілін оқытуда оқу-танымдық іс-әрекеттерді басқарудың маңызы зор:

- оқудағы жетістікті қамтамасыз ету;
- оқушылардың артта қалуының алдын алу;
- «қауіп-қатер бағаларының» диагностикасы;
- үлгермеушілікті болдырмау;
- оқу материалының мазмұны ;
- білім берудің әртүрлі формалары мен әдістері, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану;
- мұғалімнің оқушыларға қарым-қатынасы;
- балалар ұжымының қоғамдық пікірі;
- ақыл-ой қабілеттілігі мен жалпы оқу бірліктерін дамыту.

Осы айтылғандардың барлығы оқытудың әр кезеңдердегі талаптарында қарастырылады. Дегенмен, қазіргі білім беруде осы талаптарды орындаудың жолдары, білімді игертудің амалдары жаңаша құрылуды көздейді. Баланың өз ойын еркін айтуы, кез келген жағдаятқа даяр болуы, шешім қабылдауға, тұжырым жасауға қабілетті болуына бағышталған тәсілдемелер қатар қарастырылады. Мұндай құзіреттілікті дарыту үшін оқушының өз бетіндік іс-әрекеттері басым болуы қажет.

Білімгердің оқу әрекеттерін үш топқа бөлуге болады:

- а) қызметті іске асыру жоспарына сәйкес: ішкі және сыртқы;
- б) психикалық белсенділікке қатысты: ақыл-ой (талдау, салыстыру), перцептивті (тану, сәйкестендіру), мнемикалық (есте сақтау, жаттау);
- в) оқытылатын пәннің ерекшеліктеріне байланысты (тіл – дыбыстық талдау, грамматикалық қағидаттарды талқылау).

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерді өз бетінше жүргізу дағдысын қалыптастыру – оқытудың аса маңызды мақсаттарының бірі. Мұны жүзеге асыру оқушыларды жинақылыққа, жүйелі сөйлеуге, өзін-өзі дұрыс басқаруға үйретеді, білімді саналы түрде игеріп, пікірін білдіруге, оның қарапайым жаттығулардан бастап, танымдық-шығармашылыққа жетуіне, проблемалық сұрақтардың жауабын табуға, дұрыс қолдана білуге жетелейді, білімін өз бетінше жетілдіру қабілетін дамытады.

Отандық ғалым Н.Кулмышева өз зерттеулерінде: «Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің ақыл – ой белсенділігі және оның өздігімен ізденіп оқуға мүмкіндік беретін әрекеті» [2], – деп қарастырған. Демек, білімнің білімгерге бағытталып, оны олардың өздігінен игеруі маңызды.

Білімгерге бағытталған оқыту мақсаты:

- 1) оқутанымдық құзіретті арттыру:
 - ақпаратты қабылдай алуы;
 - теориялық негізді саналы меңгеруі;
 - білімдік контентті контекстке бейімдей алуы.
- 2) іскерлік дағдыларды дамыту:
 - өзіндік анализ жасауы;
 - синтездей алуы;
 - тұжырым шығаруы;
 - ұсыныс, пікір айту;
 - қажеттілігіне қолдана алу дайындығы
- 3) білімгер белсенділігін күйшейту:
 - қызығушылықты ояту;
 - оқуға мотивация жасау;
 - оқу материалдарын қызықты ұсына білу;
 - жағымды қарым-қатынас;
 - әдістерді түрлендіріп қолдану;
 - пікір еркіндігі

Өз бетінше оқып-үйрену үшін қажетті мінез-құлықтың, ерік-жігер мен ақыл-ой қабілетінің даму дәрежесі мұғалімнің қолданған түрлі тәсілдемелерінің, айрықша әдістемесінің нәтижесінде айқын білінеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін жүзеге асыратындай жағдай туғызуы тиіс.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі [3.41]. Оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет. Іс-әрекеттегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды. Танымдық белсенділікті арттыру оқушылардың белсенділігін қалыптасыру, білім беру процесінің күшейтілуі үшін жүзеге асырылады. Бұл бірінші кезекте ойлау белсенділігімен байланысты, сыртқы әрекет мұнда ішкі белсенділіктің қалыптасуы оның дамуы үшін маңызды қызмет атқарады. Мұндағы мәселе мұғалімнің әсері, оның бағыты маңызды рөл атқаратындығында. Оқушының ойын синтездеуіне, индукция, дедукция жасауына бағыттың дұрыс берілуі оларды қандай да бір дамушылыққа әкеледі.

Индукция – білімгерді белгілі бір қорытындыларға әкелу. Алдымен оқушыларға жеке заттар, құбылыстар түсіндіріледі, сол фактілерден қорытындылар шығартады. Ал дедукция әдісі арқылы оқушы өзі білетін қорытындыларды, ережелерді, ғылыми заңдарды бақылау жүргізгенде, тәжірибе жасағанда, жаттығу жазғанда қолданады. Дедуктивті әдісте жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшу арқылы нәтиже шығарады.

Оқу үрдісінде білімгердің танымдық дербестігін ұйымдастырудың негізгі құралы өзіндік жұмысы және ол оқушы жастардың дербес танымдық іс-әрекетін жандандыруда ерекше орын алады. Осыған сәйкес өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы оқыту әдісі ғана емес, ол оқушыларды дербес танымдық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп қарауға болады. Олай болса, оқушылардың дербес танымдық іс-әрекеті олардың танымдық белсенділігін арттырудың ең тиімді жолы.

Өзіндің жұмыстың психологиялық аспектілері туралы Д.Н.Богоявленский, И.И.Божович, М.С.Выготский, П.Л.Гальперин, В.В.Давидов, А.А.Леонтьев және басқалар зерттеген. Оқушылардың өзіндік жұмысын зерттеумен айналысатын көптеген авторлар оның негізгі қызметі оқушылардың жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймайды, қайта оларды танымдық дербестіктің жоғары деңгейіне көтеру екенін көрсетеді.

Демек, оқу үрдісі білімгерлердің танымдық іс-әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде білімгердің танымдық белсенділігі қалыптасады. Ал оқыту үрдісінде мұғалім оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін қажетті барлық шарттарды: білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажетсіндіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, проблемаларды шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуге тиіс.

«Оқу-танымдық іс-әрекет үрдісі ой еңбегі мен күш-қуатының баршама шығындалуын қажет етеді, ал оны жүзеге асыру әрбір оқушының қолынан келе беретін нәрсе емес, өйткені, интеллектуалдық іс-әрекетке барлық оқушылар бірдей жақсы дәрежеде даяр бола бермейді. Сондықтан оқу-танымдық іс-әрекет барысында тек қана білім қоры жинақталып қана қоймай, ұзаққа созылған зейін аудару, ақыл-ой күшін, ерік күшін жұмсау, ең маңызды нәрсеге назар аудару сияқты күрделі үрдіс те жүзеге асырылады» [4.65].

Осы кезге дейін оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқаруға үнемі мұғалім басшылық жасайды, мұғалімнің тікелей қатысы болып келді. Жаңаша оқыту шарттары бойынша оқушының өзі оқу-танымдық іс-әрекеттің белсенді субъектісіне айналуы қажет. Нақ осы жағдай қазіргі кездегі мектептегі білім берудегі жаңашылдық бағыттардың негізін құрап отыр. Онда оқушылар: өз пікірін қорғай алуы; пікірталастар мен талқылауларға белсенді қатысуы; өз жолдастарына және мұғаліміне сұрақ қоя білуі; жолдастарының жауаптарын тыңдау және түзету; сыныптастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған оқушыларды оқыту; өз бетінше шамасы келген тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті шешудің бірнеше түрін табу; өзін өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін ойластыруы; танымдық міндеттердің шешімін өзіне белгілі тәсілдерден жинақтап қолдануы жүзеге асырылады.

Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін С.Жақыпов өз еңбегінде «Сабаққа әр түрлі бейнелі көрнекіліктерді, логикалық сызбаларды, шартты – графикалық құралдарды қолдану керек. Бұл оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық іс-әрекетін жандандырып, өз бетімен жұмыс жасауға және оны меңгеруге төзімділігін арттырудың бірден-бір тәсілі болып табылады», – деп көрсетті [3.60]. Қазақ тілі сабақтарында танымдық іс-әрекетті арттыру үшін көрнекіліктердің

берер пайдасы мол екені белгілі. Оқушыларға білімді игеру үдерісінде сызба сыздырту, концептуалды кесте жасату, салыстырту, графикалық сызбалармен дәлелдету, семантикалық картаны толтыру, проблеманы бірлесе шешу, ой картасына түсірту, т.б. іс-әрекеттерді іске асыруда оқушылардың өздерінің басшылығымен орындалғанда олардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасалады. еті» [3], – деп қарастырған.

М.Қ. Бапаева: «Оқу іс – әрекетінің табыстылығы – студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен танымдық іс – әрекеттері арқылы қалыптасады. Оқыту әрекетінде студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, мотивтері (ниеттері), темпераменті мен мінезі тағы басқа да психикалық қырларынан көрінеді», – деп атап көрсетеді [5]. Зерттеуші студенттердің психологиялық білім мен дағдыларды игеруі танымдық іс – әрекетін басқаруымен тікелей байланыстылығын айта келе, білім беруші педагогтің өз кәсібінде сауатты болуының маңыздылығына баса назар аударады. Өйткені білімгерге қажетті дағдыларды игерту аталған психикалық қасиеттерін ашу мен оны іс-әрекет белсенділігінде іске асыруға басымдық беріледі.

Қорытынды

Жалпы айтқанда, білімгердің оқу-танымдық іс-әрекетін басқару мұғалім тарапынан біраз еңбекті талап ететін үрдіс. Қазақ тілі сабақтарында оқу-танымдық іс-әрекетті басқару арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы, танымдық ықыласы артады, танымдық белсенділігін қалыптастырады, бала өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауды үйренеді. Әрбір оқу жұмысының мақсаты мен орындау шарты нақты болғанда жаңа білім, дағдының қалыптасып, нәтижеге жетудің де жолдары айқын болады. Оқу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға, өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, яғни, өзін-өзі басқаруға дағдыланады. Ұрпақтың өз ойымен санасып, білімді игерудегі ой-тұжырымдары негізінде жұмыс жасап отыру келешек ұрпақтың ізденімпаз, ойшыл, ой-танымдық іс-әрекеті өнімді болуына мүмкіндік береді.

КАУНАҚСА

- Сабыров Т.С. (1978) .Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы: «Мектеп»
- Кулмышева Н.А. (2010) Жоғары оқу орын студенттерінің оқу – танымдық іс – әрекеті табыстылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Алматы
- Жақыпов С.М. (2002). Жалпы психология негіздері. Оқулық – Алматы: Алла прима
- Мустояпова А.(2004). Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Алматы
- Бапаева М.Қ. (2010). Студенттердің психологиялық білім мен дағдыларды игеруі және танымдық іс –әрекет // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. - № 3. – 29 – 36 бб.

